

**"Ұлттық теңіз тасымалдаушысы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 29 сәуірдегі № 462 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 28 сәуірдегі № 233 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ұлттық теңіз тасымалдаушысы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 29 сәуірдегі № 462 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 35, 426-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. "Қазтеңізкөлікфлоты" ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ұлттық теңіз тасымалдаушысы болып айқындалсын.";

2-тармақ алып тасталсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Б. Сағынтаев*